

«Сүйем сені Алматы» атты гүлмен безендендірушілердің қалалық балалар фестивалі

1.Жалпы ережелер

1.1. «Сүйем сені Алматы» атты гүлмен безендендірушілердің қалалық балалар фестивалін өткізу ережесі, мақсаты мен міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Байқаудың басты мақсаты мен міндеттері: өскелең ұрпаққа экологиялық және эстетикалық білім беретін білім беру мекемелерінің ролін көтеру және педагогтардың шығармашылық іскерлігін арттыру болып табылады.

1.3. Гүлмен безендендірушілердің қалалық балалар фестивалі Алматы қаласының Білім басқармасымен өткізіледі.

2.Өткізілетін орны және уақыты

2.1. Гүлмен безендендірушілердің қалалық балалар фестивалі 10-00 сағатта 15 қазан 2014 жылы Алматы қаласы Жас натуралистер станциясының мекемесінде өткізіледі.

2.2. Фестивальға қатысу үшін өтінішті 2014 жылдың 1-ші қазанына дейін фестивальді ұйымдастыру комитетінің мекен жайына жіберіледі: Алматы қаласы, Щепкин көшесі 27; әдіскерлер бөлімі, тел: 309-75-99; факс 309-66-44

Өтініштің үлгісі:

№	Аты- жөні, фамилиясы	ұйымның, мектеп, сынып атауы.	Жетекшінің аты-жөні фамилиясы	Жетекшінің және қатысушының байланыс телефондары.

3.Фестивальға қатысушылар

3.1. Байқауға қатысуға мектептен тыс қосымша білім беру мекемелері және орта мектептердің 7-10 шы сынып оқушылары қабылданады

3.2. Фестивальға қатысуға әр ұйымнан бір педагогтың басқаруымен 2 адам ғана жіберіледі.

4.Фестивальді өткізу тәртібі

4.1.Фестиваль бекітілген бағдарлама бойынша өткізіледі. Бағдарламаға үй тапсырмасы және қазылар алқасының қатысуымен гүлшоғын құрастыру кіреді.

4.2. Әр қатысушыға жұмыс орындау үшін бір үстел беріледі. Жұмыс байқаушылардың өз материалымен орындалады. Тапсырманы орындау үшін байқаушылардың өз жеке құрал-саймандары болуы керек.

4.3. Байқау уақытының басталғаны жөнінде белгі берілгеннен бастап байқаушылар тапсырманы орындауға кіріседі және берілген уақыт біткен соң жұмысты жалғастыруын тоқтатады.

4.4. Қалалық гүлдер фестивалінің жұмысы жүргізіліп жатқан барлық уақытта байқауға қатысушылар байқау жұмысының эстетикалық түрін сақтап тұру керек. Жоғарыдағы аталған талаптар бұзылған жағдайда, жұмысты бағалау кезінде ұпайларын төмендетуге негіз бола алады.

4.5. Байқау жұмысы келесі белгілері бойынша бағаланады: идеясы, түр-түсі, композициясы, техникасы.

5. Жұмысқа қойылатын талаптар

5.1. Үй тапсырмасы – шынайы өсімдік материалын пайдаланып флористикалық бас киім жасау (жеміс-жидектерді де пайдалануға болады). Үй тапсырмасын орындау барысында желімдеу техникасын және көгалдағы жұмыстың техникасын көрсету керек. Жұмыстың көлемі ескерілмейді.

5.2. «Күзгі көңіл күй» атты қаңқалы гүлшоғы байқаулық жұмысы шынайы өсімдік материалынан жасалады. Бәлкім инертті материалдан әсемдік элементтер де қолдануға болады.

5.3. Жұмысты орындау уақыты – 45 минут.

6. Байқауды басқару және марапаттау.

6.1. Байқаудың дайындығы мен жүргізілуін ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады (ары қарай – Ұйымдастыру комитеті) Алматы қалалық Білім басқармасы МККМ Жас натуралистер станциясы. Ұйымдастыру комитеті Байқаудың қазылар алқасының құрамын құрастырады.

6.2. Қазылар алқасы жұмыстарды бағалап, байқаудың қортындысын шығарады, әр номинация бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

6.3. Фестивальдің жеңімпаздары дипломмен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

Барлық сұрақтар бойынша кеңес осы жылдың 8-ші қазан күні сағ. 9⁰⁰-16⁰⁰ өткізіледі.

Анықтама телефоны 309-75-99.